

"Шымкент қаласы бойынша әлеуметтік мәні бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы" 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 58/506–6с Шымкент қаласы мәслихатының шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Шымкент қаласы мәслихатының 2026 жылғы 5 маусымдағы № 36/328-VIII шешімі

Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Шымкент қаласы бойынша әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы" Шымкент қаласы мәслихатының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 58/506–6с шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 76 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 3-тармағының 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Шымкент қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді";

қосымшада:

кестеде:

реттік нөмірлері 3, 13, 16, 18, 23, 29, 39, 41, 42, 50, 57, 61, 65, 68, 72, 76, 78 -жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

№	Маршруттың нөмірі	Әлеуметтік маңызы бар қатынастар
3	4	"Оңтүстік" шағын ауданы – Шәмші Қалдаяқов көшесі
13	19	Әуежай – Төле би көшесі
16	23	Сейтжан Құртаев көшесі – Қапал батыр көшесі
18	26	Санжар Жандосов көшесі – "Ақниет" шағын ауданы
23	35	"Арғымақ" шағын ауданы – "11 шағын ауданы" аялдмасы
29	51	"Бекжан" базары – Түркістан көшесі
39	66	"Ынтымақ-2" шағын ауданы – "Тұран-2" шағын ауданы
41	68	"Күншығыс" шағын ауданы – Юрий Гагарин көшесі
42	69	Саяжол көшесі – "Бекжан" базары
50	96	"Сәуле" шағын ауданы – "Қазығұрт" шағын ауданы – "Көмешбұлақ" аялдмасы

57	122	№7 емхана – №142 мектеп – Азаттық көшесі
61	138	"Тұрлан" шағын ауданы – Тәуке хан даңғылы
65	143	"Бадам-2" тұрғын алабы – "Ордабасы" алаңы
68	147	"Ордабасы" алаңы – "Ақжар" тұрғын алабы – "Құлагер" шағын ауданы
72	158	"Самал" шағын ауданы – "18 шағын аудан" аялдамасы – "№13 емхана" аялдамасы
76	180	"Көкбұлақ" тұрғын алабы – "Арбат" аллеясы" аялдамасы
78	191	"Қарабастау" тұрғын алабы – Бауыржан Момышұлы көшесі

".

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 80, 81, 82 - жолдармен толықтырылсын:

"

№	Маршруттың нөмірі	Әлеуметтік маңызы бар қатынастар
80	5	"Құрсай" шағын ауданы – Республика даңғылы
81	8	"Көл" аялдамасы – Мұнайбарлаушылар көшесі
82	207	"Сайрам" тұрғын алабы – Nursultan Nazarbaev даңғылы

".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласы мәслихатының төрағасы

Б. Нарымбетов